Кір жуғыш машинаға күтім жасау
Жуғыш құралдарды бөлгішке күтім жасау
Люкке және барабанға күтім жасау
Насосқа күтім жасау
Су құйғыш шлангіні тексеру

Сақтандырулар мен ұсыныстар, 17

Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар
Утильдеу
Сақтау және тасымалдау шарттары

Кір жуғыш машинаның және программаларды іске қосу тәртібінің сипаттамасы, 18-19

Басқару панелі
Индикаторлар
Программаларды іске қосу тәртібі

Программалар, 20

Программалар кестесі
Күнделікті жылдам циклдер

Персонализацияланған бейімдеулер, 21

Температураны реттеу
Кептіруді бағдарламалау
Қосымша функциялар

Жуғыш құралдар және кір бұйымдар типтері, 22

Жуғыш құралдарды бөлгіш
Кір бұйымдарды дайындау
Абайлап жууды талап ететін бұйымдар
Кір бұйымдарды теңестіру жүйесі

Ақауларды іздеу және оларды жою тәсілдері, 23


Сервистік қызмет көрсету, 24

! Бұл нұсқаулықты сақтаңыз. Ол кір жуғыш машинаны сатып алған, берген немесе жаңа пәтерге көшкен жағдайларда жабдықпен бірге болуы қажет, яғни жаңа иесі оның жұмыс істеу және оған қызмет көрсету ережелерімен таныса алатын болуы керек.
! Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: онда кір жуғыш машинаны орнату мен пайдалану қауіпсіздігі туралы маңызды мәліметтер берілген.

Орамасынан шығару және тегістеу

Орамасынан шығару

1. Кір жуғыш машинаны орамасынан шығарыңыз.
2. Жабдықтың тасымалдау кезінде бүлінбегеніне көз жеткізіңіз. Бүлінген болса – машинаны қоспаңыз – тез арада жеткізушімен хабарласыңыз.




3. Құрылғының артқы жағында орналасқан 4 қорғаныш бұрандасын (тасымалдау кезінде қолданылады) және тиісті төсемі бар резеңке тығырықты алып тастаңыз (суретті қараңыз).

4. Тесіктерді қоса берілген пластик тығындарымен жабыңыз.
5. Барлық бөлшектерін сақтаңыз: олар кір жуғыш машинаны тағы да тасымалдағанда қажет болады.

! Балалардың орама материалдармен ойнауына рұқсат етпеңіз.

Тегістеу

1. Кір жуғыш машинаны тегіс және мықты еденге, ол қабырғаға, жиһазға немесе басқа нәрселерге тимейтіндей етіп, орналастырыңыз.



2. Машинаны орнатқаннан кейін оның алдыңғы аяқтарын бұрау арқылы тұрақтандырыңыз (сур. қара.).

Ол үшін әуелі контргайканы босату керек, бейімдеп

болғаннан кейін контргайканы қайтара тартып қойыңыз.


Машинаны орнатқаннан кейін корпусың жоғарғы қақпағының тегістік деңгейін тексеріңіз, көлденеңдігінің ауытқуы 2°-тан артық болмауы керек.

Жабдықты дұрыс тегістеп қою шудан, дірілден және машина жұмыс істеп тұрған кезде орнынан қозғалудан арылуға көмектеседі.


Егер кір жуғыш машина кілем төселген еденде тұрған болса, оның түбінің кілемнен жоғары тұрғандығына көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда, желдетілуі қиындайды немесе мүлде тоқтап қалады.

Су құбырына және электр желісіне қосу

Су құйғыш шлангіні қосу



1. Су жүретін шлангіні $\frac{3}{4}$ газ оймалы суық су кранына бұрап қосыңыз (сызбаны қараңыз). Қосар алдында су жүретін кранды одан таза су аққанша ашыңыз.



2. Су құйғыш шлангіні кір жуғыш машинаға қосыңыз, ол үшін оны машинаның артында оң жақ жоғарысында орналасқан су қабылдағышқа бұрап қосыңыз (сур. қара.).


3. Шлангінің қатты бұралмағанына және қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

! Су қысымы Техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген мәндер шегінде болуы керек.


! Егер су құбыры шлангінің ұзындығы жеткіліксіз болса, Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

! Бұрын қолданыста болған шлангілерді ешқашан пайдаланбаңыз.

Ағызу түтігін жалғау



Ағызу түтігін майыстырмай, еденнен 65-100 см жоғары орналасқан ағызу құбырына немесе қабырғадағы канализация құбырына жалғаңыз;



немесе, оны ваннаға салып, берілген түтікті шүмекке бекітіңіз (суретті қараңыз). Түтіктің шеті су астында болмауы тиіс.

! Түтікті ұзартуға қарсымыз; бірақ басқа амалы болмаса, ұзарту түтігінің диаметрі бастапқы түтіктің диаметрімен бірдей болуы және оның ұзындығы 150 см-ден аспауы керек.

Электр қосылымдары

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:

- розетка жерге тұйықталған және қолданыстағы заңды ережелерге сәйкес келеді;
- розетка Техникалық деректер кестесінде көрсетілген құрылғының ең жоғарғы қуатына төзімді (жанындағы ақпаратты қараңыз);
- қуат көзінің кернеуі Техникалық деректер кестесіндегі мәндер ауқымында (жанындағы ақпаратты қараңыз);
- розетка кір жуғыш машинаның айырына сәйкес келеді. Олай болмаса, розетканы немесе айырды ауыстырыңыз.

! Жабық жер болса да, кір жуғыш машинаны сыртта орнатпау қажет. Құрылғыны жаңбыр, боран және басқа да ауа-райы жағдайларында қалдыру аса қауіпті.

! Кір жуғыш машина орнатылғаннан кейін розеткаға оңай қол жеткізу мүмкін болуы тиіс.

! Бірнеше розеткалар мен ұзартқыш сымдарын пайдаланбаңыз.


! Сымды майыстыруға немесе оған қысым салуға болмайды.

! Ток сымын тек өкілетті мамандар ауыстыруы тиіс.

Ескерту! Осы ережелер сақталмаған жағдайда, компания жауапты болмайды.

Бірінші жуу циклы

Құрылғы орнатылғаннан кейін және оны алғаш рет пайдаланбас бұрын, 11-жуу циклын қолдана отырып, жуғыш затпен кірлерді салмай-ақ, жуу циклын іске қосыңыз.

Техникалық деректері	
Үлгі	EWDC 7125
Өлшемдері	ені 59,5 см биіктігі 85 см тереңдігі 53,5 см
Сыйымдылығы	жуу бағдарламасы үшін 1-7 кг; кептіру бағдарламасы үшін 1-5 кг
Электр қосылымдары	құрылғыға бекітілген техникалық деректер тақтасын қараңыз
Су қосылымдары	ең жоғары қысым 1 МПа (10 бар) ең төмен қысым 0,05 МПа (0,5 бар) барабан сыйымдылығы 52 литр
Айналдыру жылдамдығы	1200 айналым/мин мәніне дейін
Қуатты есептеу бағдарламалары мына стандартқа сәйкес: EN 50229	Жуу: 10 бағдарламасы; температура 60°C; 7 кг жүкті қолдана отырып. Кептіру: Кішірек жүктемені "Үтіктеу" құрғақтық деңгейін сақтау арқылы кептірілуі керек. Жүктемеде 2 ақжайма, 1 жастыққап және 1 қол орамалы болуы керек; қалған жүктемені "Шкафқа" құрғақтық деңгейін сақтау арқылы кептірілуі керек.
	Бұл құрылғы төмендегі ЕО директиваларына сәйкес келеді: - 2004/108/ЕС (Электр магниттік үйлесімділік) - 2006/95/ЕС (Төмен кернеу) - 2012/19/EU (WEEE)

Техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

KZ


Су мен электр қуатын өшіру

- Әрбір кір жуудан кейін су құбырының шүмегін жауып қойыңыз. Сонда кір жуғыш машинаның су құбыры жүйесінің тозу қарқындылығы азаяды және су тамшылау ықтималдығы болмайды.
- Машинаны жуар және техникалық қызмет көрсетер алдында ашасын розеткадан шығарыңыз.

Кір жуғыш машинаға күтім жасау

Машинаның сыртқы және резеңке бөлшектерін жылы сабын сумен ылғалдандырылған жұмсақ матамен тазалаңыз. Еріткіштер немесе абразивті тазалау құралдарын пайдаланбаңыз.

Жуғыш құралдарды бөлгішке күтім жасау



Жуғыш құралдарды бөлгішті мезгіл сайын жуып отырыңыз. Бөлгішті шамалы көтеріп, өзіңізге қарай тартып шығарыңыз да (сур. қара.), ағын судың астына жуыңыз. Бұл операция тұрақты жүргізіліп тұруы керек.

Люкке және барабанға күтім жасау


- Әрбір кір жуудан кейін барабанда жағымсыз иіс пен көгеру пайда болмас үшін машина есігін жартылай ашық қалдырыңыз.

Насосқа күтім жасау


Кір жуғыш машинаның өздігінен тазаланатын типті су ағызушы насосы бар, ол тазалауды немесе техникалық қызмет көрсетуді талап етпейді. Дегенмен ұсақ заттар (тиындар, түймелер және басқа) насосқа кездейсоқ түсіп кетуі мүмкін.

! Кір жуу циклінің аяқталғанына көз жеткізіңіз, содан кейін аспапты тоқ желісінен өшіріңіз.

«Ұстағышқа» қол жеткізу үшін:



1. Кір жуғыш машинаның алдыңғы панелін бұрағыштың көмегімен ашыңыз (сур. қара.);



2. Сүзгінің қақпағын сағат тіліне қарама-қарсы бұрай отырып, шығарып алыңыз (сур. қара.): насостан шамалы су ағуы мүмкін – бұл қалыпты құбылыс;

3. Сүзгіні ішінен мұқият тазалаңыз;
4. Қақпағын қайтара бұрап жабыңыз;
5. Алдыңғы панельді орнына қойыңыз, барлық ілмектерінің сәйкес тесіктерге кіргеніне алдын ала көз жеткізіп алыңыз.

Су құйғыш шлангіні тексеру

Шлангіні кем дегенде жылына бір рет тексеріп отырыңыз. Кез келген су тамшылау немесе ақау белгілері пайда болған жағдайда, шлангіні тез арада ауыстырыңыз. Машина жұмыс істеп тұрған кезде су қысымымен тұрған ақаулы шланг кенеттен жарылып кетуі мүмкін.

! Бұрын пайдалануда болған шлангілерді ешқашан пайдаланбаңыз.

! Кір жуғыш машина қауіпсіздіктің халықаралық нормаларына сәйкес жобаланып, жасалған. Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін жасалған мына сақтандырулармен мұқият танысып шығыңыз.

Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар

• Дозволяється використання цієї сушильної машини з боку осіб (включаючи дітей віком від 8 років і старше) з обмеженими фізичними, сенсорними або розумовими здібностями, а також з боку осіб без необхідного досвіду і навичок, якщо вони перебувають під наглядом або отримують інструкції щодо експлуатації приладу від особи, відповідальної за їх безпеку.

- Кептіргіш ішінде жуылмаған заттарды кептірмеңіз.

- Ас майы, ацетон, спирт, бензин, керосин, дақ кетіргіштер, скипидар, балауыз бен балауыз кетіргіштері сияқты заттармен кірленген нәрселерді кептіргіште кептіруден бұрын көбірек жуғыш зат қосып, ыстық суда жуу керек.

- Пенопласт (латекс көбігі), душ қалпақтары, су өткізбейтін маталар, резеңке қосылған маталар мен киімдер немесе пенопласт төсемдері бар жастықтарды кептіргіште кептіруге болмайды.

- Кондиционерлерді немесе оған ұқсас өнімдерді кондиционер нұсқауларына сәйкес қолдану керек.

- Кептіргіш циклының соңғы бөлігі қызу орындалады (салқындату циклы), солайша заттар зақымдалмайтын температурада ұсталатыны қамтамасыз етіледі.

ЕСКЕРТУ: Барлық заттар жылдам алынып, қызу шашылып кететіндей таратылмаса, кептіру циклы аяқталмағанша кептіргішті тоқтатушы болмаңыз.

- Бұл құрылғы тек үйде пайдаланылуға арналған.
- Құрылғыны жалаң аяқ немесе қолыңыз немесе аяғыңыз ылғал болғанда ұстамаңыз.
- Құрылғыны розеткадан ағытқан кезде ток кабелінен ұстап тартпаңыз. Айырды ұстап тартыңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жуғыш зат тартпасын ашпаңыз.
- Ағызылған суға тиеніз, себебі оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
- Есікті күштеп тартпаңыз. Өйтпесе, кездейсоқ ашудан қорғауға арналған қауіпсіздік құлпы механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Құрылғы бұзылып қалса, ешбір жағдайда өз бетіңізбен жөндеу мақсатында ішкі бөліктерге тиюші болмаңыз.
- Өрқашанда балаларды құрылғыдан алыс ұстаңыз.
- Жуу циклы барысында есік қатты қызып кетуі мүмкін.

- Құрылғыны жылжыту керек болса, екі немесе үш адамнан тұратын топпен жұмыс істеңіз және де өте абай болыңыз. Мұны жалғыз өзіңіз орындаушы болмаңыз, себебі құрылғы өте ауыр.
- Кірлерді кір жуғыш-кептіргіш машинаға салмас бұрын, барабан бос екеніне көз жеткізіңіз.
- Кептіру кезеңі барысында есік өте қызып кетуі мүмкін.
- Жанғыш еріткіштермен (мысалы, трихлорэтилен) жуылған киімдерді кептіру үшін құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны пенопластты немесе оған ұқсас эластомерлерді кептіру үшін қолданбаңыз.
- Кептіру циклы барысында су шумегі ашық екеніне көз жеткізіңіз.
- Өрдайым бақылап отырмаған жағдайда, 3-ке толмаған балаларды құрылғыдан аулақ ұстау керек.
- Қалталардан барлық заттарды алып тастаңыз, мысалы шақпақтар немесе сіріңке.

Утильдеу

- Қаптама материалды утильдеу: қаптама материалдарды қайта пайдалану мақсатында жергілікті нормативтерді сақтаңыз.
- Электрондық және электрлік аспаптарды утильдеуге қатысты Еуропалық 2012/19/EU - WEEE Директивасына сәйкес, электр аспаптары әдеттегі қалалық қалдықпен бірге тасталмауы керек. Қатардан шыққан аспаптар олар жасалған материалдарды оңтайландыру, қайта пайдалану және рекуперациялау үшін, сондай-ақ қоршаған орта мен денсаулық қауіпсіздігі үшін бөлек жиналуы қажет. Барлық аспаптарда көрсетілетін ортасынан сызылған қалдық жәшігі символы оларды жеке утильдеу керектігін еске салу болып табылады. Тұрмыстық электр аспаптарын дұрыс утильдеу туралы толық ақпарат алу үшін пайдаланушылар арнайы мемлекеттік ұйымға немесе дүкенге жүгіне алады.

Сақтау және тасымалдау шарттары

- Буып түйілген кір жуғыш машина табиғи түрде желдетілетін, ылғалдығы 80 %-дан аспайтын жабық жайда сақталуы тиіс.

Кір жуғыш машина ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса және жылытылатын жайда сақталса, ішіндегі суды толығымен ағызу керек.


Тасымалдамас бұрын кір жуғыш машинаның барабанына зақым келмеуі үшін, тасымалдау бұрандаларын машинадағы төлкелерге бекіту керек. Кір жуғыш машина бір орынға мықтап бекітіліп, кез келген жабық көлікпен тік қалыпта (жұмыс істеген кездегі қалпы) тасымалдануы тиіс.

Тиеген және түсірген кезде кір жуғыш машинаға механикалық соққы тигізуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Кір жуғыш машинаның және програм-маларды іске қосу тәртібінің сипаттамасы

KZ

Басқару панелі



Кірі жуғыш құралдарды белгіш: кір жуғыш заттар мен қоспаларды салуға арналған (қара.: «Жуғыш құралдар және кір бұйымдар типтері»).

ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасы кір жуғыш машинаны қосу және өшіру үшін пайдаланылады.

Программаларды таңдау тұтқасы программаларды таңдау үшін қызмет етеді. Программа орындалып жатқан кезде тұтқа қозғалыссыз тұрады.

Қосымша **ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ** индикаторлары бар батырмалар: қол жеткізуге болатын қосымша функцияларды таңдау үшін қызмет етеді. Таңдалып алынған функция батырмасы қосылып тұрады.

ТЕМПЕРАТУРА реттеуші: температураны бейімдеу немесе кірді суық суда жуу үшін қызмет етеді (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»).

КЕПТІРУ тұтқасы: қажетті кептіру бағдарламасын орнату үшін қолданылады («Жекешелендіру» тарауын қараңыз).


ЦИКЛ/ҚОСУ фазаларын тоқтатып орындау индикаторлары: кір жуу программаларының орындалу кезектілігін көрсетеді.

Қосылып тұрған индикатор ағымдағы фазаға сәйкес келеді.

Егер «Кейінге қалдыру» таймері қосылған болса, индикаторлар программаны іске қосуға дейінгі қалған уақытты көрсетеді (бетті бүйірінен қара.).

ЛЮКТИ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ индикаторы: люкты ашуға болатын-болмайтындығын көрсетеді (бетті бүйірінен қара.).

ҚОСУ / ПАУЗА индикаторы бар батырма: программаны іске қосу немесе уақытша тоқтату үшін қызмет етеді.

ЕСКЕРТУ: кір жуудың ағымдағы циклін уақытша тоқтату үшін осы батырманы басыңыз. Сәйкес индикатор қызыл-сары түспен жанып-өше бастайды, ал кір жуудың ағымдағы фазасын көрсететін индикатор бір қалыпты жанып тұрады. Егер ЛЮКТИ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ  индикаторы өшсе, люкты аша беруге болады (3 минуттай күтесіз). Кір жуу циклін тоқтатылған сәттен бастап қайта қосу үшін ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын тағы басыңыз.

Күту режимі

Осы кір жуғыш машина, жаңа қуатты үнемдеу ережелеріне сәйкес, ешбір әрекет байқалмаса, шамамен 30 минуттан кейін қосылатын автоматты күту жүйесімен жабдықталған. ҚОСУ-ӨШІРУ түймесін аз уақыт басып, құрылғының іске қосылуын күтіңіз.

Өшірулі режимдегі тұтыну: 0,5 W

Қосулы режимдегі тұтыну: 8 W


Индикаторлар

Индикаторлар пайдаланушыға маңызды мәліметтерді хабарлайды.

Индикаторлардың мәні:

Кейінге қалдыру таймері

Егер «Кейінге қалдыру» функциясы қосылған болса (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»), программа іске қосылғаннан кейін кейінге қалдырылған уақытқа сәйкес келетін индикатор жанып-өше бастайды:




Уақыт есептелген сайын, сәйкес индикатордың жанып-өшуімен бірге қалған уақыт көрсетіледі.



Көрсетілген уақыт аяқталғаннан кейін берілген программа іске қосылады.

Циклдің ағымдағы фазасының индикаторлары:

Кір жуу циклі таңдалып, іске қосылғаннан кейін индикаторлар программаның орындалу кезектілігін көрсете отырып, бірінен кейін бірі жанады:



Ескертпе: Кептіру циклы аяқталған кезде, КЕПТІРУ тұтқасы «0» күйіне қайтарылуы тиіс.


Қосымша функциялар

батырмалары және сәйкес индикаторлар Функцияны таңдау кезінде сәйкес батырма жанады. Егер таңдалып алынған функция берілген программамен үйлеспейтін болса, сәйкес индикатор өшіп-жана бастайды да, мұндай функция іске қосылмайды. Егер алдында таңдалып алынған функциямен сәйкес келмейтін функция таңдалса, онда алдыңғы таңдалып алынған функцияның индикаторы өшіп-жана бастайды да, екінші қосымша функция ғана қосылады, қосылған функцияның индикаторы жанады.

Люкті тоқсауылға қою индикаторы:

Жанып тұрған индикатор абайсызда ашып қалмас үшін люктің тосқауылда тұрғанын білдіреді. Оны бұзып алмас үшін, люкті ашар алдында индикатордың өшкенін күту керек (3 минуттай күтесіз). Егер люкті цикл іске қосылғаннан кейін ашу керек болса, ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын басыңыз. ЛЮКТИ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ индикаторы өшкеннен кейін есікті ашуға болады.

Программаны іске қосу тәртібі

1. ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасын басып, кір жуғыш машинаны қосыңыз. Барлық индикаторлар бірнеше секундқа қосылып, қайта өшеді, ал ҚОСУ / ПАУЗА индикаторы өшіп-жана бастайды.
2. Кір бұйымдарды салып, машинаның есігін жабыңыз.
3. ПРОГРАММАЛАРДЫ таңдау тұтқасының көмегімен қажетті программаны таңдаңыз.
4. Кір жуу температурасын таңдаңыз (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»).
5. Қажет болса, кептіру циклын орнатыңыз («Жекешелендіру» тарауын қараңыз).
6. Белгішке жуғыш құралды және қоспаларды (қара.: «Кір жуғыш заттар және кір бұйымдардың типтері»).
7. Қажетті қосымша функцияларды қосыңыз.
8. ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын басып, программаны іске қосыңыз, сәйкес индикатор жасыл түспен жанады. Іске қосуды тоқтату үшін ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын басып, жаңа циклді таңдаңыз.
9. Программа аяқталғаннан кейін END индикаторы жанады. ЛЮКТИ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ индикаторы  өшкеннен кейін люкті ашуға болады (3 минуттай күтесіз). Бұйымдарды шығарып, барабанды кептіру үшін люктің қақпағын жартылай ашық қалдырыңыз. ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасын басып, кір жуғыш машинаны өшіріңіз.

Программалар

KZ

Программалар кестесі

Жуу циклы	Жуу циклының сипаттамасы	Ең жоғ. темп. (°C)	Ең жоғ. жылдамдық (айн/мин)	Кептіру	Жуғыш заттар		Жуу үшін ең көп жүктеме (Kg)	Жуу циклының ұзақтығы
					Негізгі жуу	Мата кондиционері		
EVERYDAY FAST								
1	Аралас түрлі-түсті заттар 59 мин ішінде	40°	1000	●	●	●	7	59'
2	Синтетика 59 мин ішінде	40° (Max. 60°)	1000	●	●	●	3	59'
3	Мақта заттар 45 мин ішінде	40°	1200	●	●	●	3,5	45'
4	Жуу мен кептіру 90'	30°	1200	●	●	●	2	90'
5	Жуу мен кептіру 45'	30°	1200	●	●	●	1	45'
6	AirFresh	-	-	●	-	-	1,5	30'
Специальные								
7	Жүн: Жүн, кашемир және т.б. үшін.	40°	800	●	●	●	1,5	70'
8	Нәзік киімдерді	30°	0	●	●	●	1	80'
9	Спорттық киім мен орамалдар	40°	600	●	●	●	3,5	90'
10	Есо Мақта (1): қатты кірлеген ақ және мықты боялған түрлі-түсті бұйым	60°	1200	●	●	●	7	205'
10	Есо Мақта (2): қатты кірлеген ақ және нәзік түрлі-түсті бұйым	40°	1200	●	●	●	7	195'
11	Мақта: қатты кірлеген ақ бұйым	90°	1200	●	●	●	7	150'
Короткие								
12	Шаю	-	1200	●	-	●	7	50'
13	Сығу	-	1200	●	-	-	7	10'
14	Сығусыз ағызу	-	0	-	-	-	7	3'
15	Мақтаны кептіру	-	-	●	-	-	5	-
16	Синтетиканы кептіру	-	-	●	-	-	3	-

Дисплейде немесе осы кітапшада көрсетілген циклдың мерзімі тек шамамен берілген және ол стандартты жұмыс жағдайларына сәйкес есептеледі. Нақты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жуғыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жүктің теңестірілуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

Барлық сынақ мекемелері үшін:

- 1) Жуу циклын EN 50229 стандартына сәйкес тексеріңіз: 10-жуу циклын 60°C температурасымен орнатыңыз.
- 2) Мақтадан жасалған заттарға арналған ұзақ жуу циклы: 10-жуу циклын 40°C температурасымен орнатыңыз.

Күнделікті жылдам циклдер

Ең көп қолданылатын маталарды жуып (тіпті толық жүктемемен), ең жиі кездесетін күнделікті кірлерді 1 сағатта кетіруге арналған жылдам бағдарламалардың толық жинағы.

Аралас түрлі-түсті заттар 59 мин ішінде: аралас және түрлі-түсті бұйымдарды бірге жуу үшін.

Синтетика 59 мин ішінде: синтетикалық бұйымдарға арналған. Кірді кетіру қиын болса, температураны 60° дейін көтеріп, ұнтақ жуғыш зат та қолдануға болады.

Мақта заттар 45 мин ішінде: нәзік мақта бұйымдарды жууға арналған қысқа цикл.

Температураны реттеу

Кір жуу температурасын реттеу ТЕМПЕРАТУРА реттегіш көмегімен жүргізіледі («Программалар кестесін» қара.). Температура мәні суық суда жууға дейін төмендетілуі мүмкін (❄).

Машина әрбір программа үшін көзделген максималды мәннен артық мәнді автоматты түрде жібермейді.

! Қиыс жағдай: 2 бағдарламасы таңдалса, температураны 60°C-қа дейін көтеруге болады.

Кептіруді бағдарламалау

КЕПТІРУ реттегіші арқылы қажетті кептіру режимін таңдауға болады. Машинада екі режим көзделген: А – уақыт режимі: 40 минуттан 180 минутқа дейін. В – кірдің дымқылдығына байланысты кептіру режимі: Үтіктеу : үтіктелетін кірге арналған. Дымқылдау кір қатпарларды азайтып, жеңіл үтіктеуге жағдай жасайды.

Ілгішке : толық кептіруді талап етпейтін кірлерге арналған.

Шкафқа : үтіктелмей, шкафқа салынатын кірлерге арналған. Дисплейде көрсетіледі.

Егер жуылатын және кептірілетін кірдің салмағы рұқсат етілген максималды жүктемеден асатын болса (Бағдарламалар кестесін қара), жуу циклін орындаңыз, жуу аяқталған соң, кірді бірнеше бөліктерге бөліп кептіріңіз. «Тек қана кептіру» функциясын сипаттайтын нұсқаулықты орындаңыз. Қалған кірді кептіру үшін де аталған операцияларды қайталаңыз.

Кептіру ұзақтығының кестесі (шамамен алғандағы мәндер)

Матаның түрі	Жүктеме	Макс жүктеме (кг)	Шкафқа	Ілгішке	Үтіктеу
Мақта-мата	Түрлі мөлшердегі кірлер, түкті сүлгілер	5	250	210	190
Синтетика	Ақжаймалар, жейделер, пижамалар, шұлықтар және т.б.	3	180	130	115

Тек кептіру

ЖУУ ЦИКЛЫ тұтқасын матаның түріне қарай кептіру параметрлерінің біріне бұрыңыз (15-16), одан кейін КЕПТІРУ тұтқасының көмегімен қажетті кептіру мерзімін таңдаңыз.

Қосымша функциялар

Машинаның әр алуан кір жуу қызметтері сіздің жуатын бұйымдарыңыздың қалаулы тазалығына және ақтығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қызметтерді таңдау тәртібі:

- Өзіңізге қажетті функцияның батырмасын басыңыз;
- Сәйкес батырманың іске қосылуы функцияның активтендірілгенін білдіреді.

Ескерту:

- Егер таңдалып алынған функция берілген программамен үйлеспейтін болса, сәйкес индикатор өшіп-жана бастайды да, мұндай функция іске қосылмайды.

- Егер алдында таңдалып алынған функциямен сәйкес келмейтін функция таңдалса, онда алдыңғы таңдалып алынған функцияның индикаторы өшіп-жана бастайды да, екінші қосымша функция ғана қосылады, қосылған функцияның индикаторы жанады.

Extra Wash*

қолдануға болатын жағдайларда, өте кір бұйымдар үшін Extra Wash* опциясын қосыңыз. Осы опцияны басып, циклге барлық жуу параметрлерін автоматты түрде қайта реттеп, ұзағырақ орындалуына мүмкіндік беріңіз. Бұл опция температураны өзгертпейді, ал сығу циклін автоматты түрде ең жоғары деңгейге реттейді. Пайдаланушы сығу циклін кез келген уақытта қажетті мәнге қайта реттей алады.

Жайлап үтіктеу

Бұл функцияны таңдаған жағдайда, кір жуу және сығу циклдері кірдегі қатпарларды азайтатындай етіп өзгереді. Цикл аяқталған соң машинаның барабаны жайлап айнала бастайды. ЖАЙЛАП ҮТІКТЕУ және ҚОСУ/КІДІРУ опциялар индикаторлары жыпылықтай бастайды (бірінші жасыл, екінші қызғылт). Циклді аяқтау үшін ҚОСУ/КІДІРУ немесе ЖАЙЛАП ҮТІКТЕУ түймесін басыңыз.

Ескертпе: кептіру циклын да қосу керек болса, бұл опция тек «Үтіктеу » деңгейімен бірге қолданылғанда ғана қосылады.

1/2 Сығу

Бұл түйме арқылы сығу жылдамдығы қысқарады.

Кешіктіру таймері

Бұл таймер жуу циклының басталу уақытын 9 сағатқа дейін кешіктіреді.

Қажетті кешіктіру уақытына сәйкес келетін индикатор шамы жанғанша түймені қайта-қайта басыңыз. Түйме төртінші рет басылғанда, функция өшіріледі.

Ескертпе: ҚОСУ / ПАУЗА түймесі басылғаннан кейін, кешіктіру уақытын өзгерту керек болса, оны тек азайтуға болады.


Жуғыш құралдар және кір бұйымдар типтері

KZ

Жуғыш құралдарды бөлгіш

Кірдің жақсы жуылуы жуғыш құралдарды дұрыс бөлінуіне де байланысты: оның шектен тыс көп болуы кірдің тиімді жуылуына кепілдік бермейді, керісінше, машинаның ішінде қақ тұрып қалуына, қоршаған ортаның ластануына әкелуі мүмкін.

! Қолмен жууға арналған жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз – қатты көбіктенуі кір жуу нәтижесін төмендетеді және машинаны қатардан шығаруы мүмкін.



Бөлгішті тартып шығарып, оны жуғыш құралмен және қоспамен төмендегі тәртіппен толтырыңыз.

! бөлімше 1 жуғыш зат салмаңыз.

! Жуғыш зат тек бөлімше 2 қоюға тиіс.

2-бөлімше: кір жууға арналған жуғыш құрал (ұнтақ немесе сұйық)

Кір жууға арналған сұйық құрал машинаны іске қосардың алдында құйылады.

3-бөлімше: Қосындылар (жұмсартқыштар, хош иістендіргіштер және басқа)

Шайғыштарға арналған 3-бөлімшені торшасынан жоғары толтырмаңыз.

Ескертпе: «Таблетка түрінде жуғыш зат» қолданылса, әрқашан өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

Кір бұйымдарды дайындау

- Кір бұйымдарды төмендегі белгілері бойынша сұрыптаңыз:
 - мата типіне қарай / этикеткадағы белгілеулерге қарай.
 - түсіне қарай: түрлі-түсті бұйымдарды ақ бұйымдардан ажыратыңыз.
- Қалталарынан барлық заттарды шығарыңыз және түймелерінің мықтылығын тексеріңіз.
- Құрғақ кірге арналған барабанды жүктеудің ең жоғарғы нормасынан аспаңыз.

Бұйымдардың салмағы:

- 1 ақжайма 400 – 500 г
- 1 жастық тыс 150 – 200 г
- 1 дастархан 400 – 500 г
- 1 халат 900 – 1200 г
- 1 сүлгі 150 – 250 г

Абайлап жууды талап ететін бұйымдар

Жуу мен кептіру 90°: Бұл цикл 2 кг жүктемені 90 минутта жуу және кептіруді қамтамасыз етеді «**Үтіктеу**»»; жүктеме одан көп болса, цикл дұрыс орындалуын қамтамасыз ету үшін, оның ұзақтығы артады.

Жуу мен кептіру 45°: аз ластанған киімдерді (мақта және синтетикалық) аз уақытта жуып, кептіру үшін **5** бағдарламасын таңдаңыз. Бұл циклды 1 кг-ға дейінгі кірді 45 минутта жуып, кептіру үшін қолдануға болады «**Үтіктеу**»». Оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты қолданыңыз, сондай-ақ, жеңдерді, жағаларды және дақтарды алдын ала өңдеңіз.

AirFresh: (бағдарламасын **6**) жуу фазасын қолданбай-ақ, 30 минутта мақта және синтетикалық заттардан (ең көбі 1,5 кг) жағымсыз иістерді, әсіресе түтін иісін кетіру және киімдерді жаңарту үшін қолайлы цикл.

Жүн: Кір жуғыш машинаның **7**-программа режимінде кез келген жүн бұйымдарды, соның ішінде «тек қолмен жуу» этикеткасы бар бұйымдарды да жууға болады. Кір жуу нәтижесі жақсы болу үшін арнайы жуғыш құралдарды пайдаланыңыз және 1,5 кг артық бұйым салмаңыз.

Нәзік киімдерді: Асыл тас немесе жарқылдақтар тігілген өте нәзік киімдерді жуу үшін **8** бағдарламасын қолданыңыз. Жуудан бұрын киімдердің ішін сыртқа қарату және кіші заттарды арнайы нәзік киімдерді жууға арналған сөмкеге салу жөн. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты пайдаланыңыз.

Жібек киімдерді және перделерді жуу үшін **8** циклын, одан кейін «**Жайлап үтіктеу**» опциясын таңдаңыз; құрылғы циклды кірлер әлі суға салынып тұрғанда аяқтайды және «**Жайлап үтіктеу**» индикатор шамы жыпылықтап тұрады. Кірлерді алу мақсатында суды ағызу үшін ҚОСУ/ПАУЗА түймесін немесе «**Жайлап үтіктеу**» түймесін басыңыз.

Тек уақытқа негізделген кептіру функциясын таңдаған кезде абайлап өңдеу мен су ағынының температурасын тиісті түрде басқару арқасында аса нәзік болатын жуу циклының соңында кептіру циклы орындалады.

Ұсынылған мерзімдер мынадай:

1 кг синтетикалық және мақта киімдер --> 180 мин

1 кг мақта киімдер --> 180 мин

Құрғақтық деңгейі жүктеме мен мата құрамына байланысты болады.

Спорттық киім мен орамалдар: бұл цикл барлық спорттық бұйымдардың, оның ішінде спортзалда қолданылған орамалдардың талшықтарына зақым келтірмей, оларды жууға қолайлы (бұйым жапсырмасындағы нұсқауларды орындаңыз).

Кір бұйымдарды теңестіру жүйесі

Кірді әрбір сығар алдында шектен тыс діріл болмас үшін машина барабанды бұйымдарды бір қалыпты етіп бөледі. Бұл барабанның кір жуу жылдамдығынан шамалы артатын жылдамдықпен үздіксіз айналуы есебенен жүргізіледі.

Егер бірнеше рет әрекет еткеннен кейін кір бұйым бір қалыпты болып таралмаса, машина сығуды төмен жылдамдықпен жүргізеді.

Кір жуу нәтижесі қанағаттандырмаған немесе ақау пайда болған жағдайларда, Авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгінбес бұрын («Сервистік қызмет көрсету»-ді қара.) осы бөлімді оқып алыңыз. Көптеген жағдайларда туындаған проблемаларды өзіңіз шеше аласыз.

Ақаулық:

Кір жуғыш машина қосылмайды.

Жуу циклы басталмайды.

Кір жуғыш машина су алмайды (жуу циклының бірінші кезеңінің индикатор шамы жылдам жыпылықтайды).

Кір жуғыш машина сумен толып, оны ағызып тұра береді.

Кір жуғыш машина суды ағызбайды не сықпайды.

Кір жуғыш машина сығу циклы барысында көп дірілдейді.

Кір жуғыш машинадан су ағады.

«Функциялар» индикатор шамдары мен «ҚОСУ/ПАУЗА» индикатор шамы жыпылықтайды, ал «орындалып жатқан кезең» индикатор шамдарының бірі мен «есік құлыптаулы» индикатор шамы қалыпты түрде жанып тұрады.

Тым көп көбік болады.

Кір жуғыш-кептіргіш машина кептірмейді.

Ықтимал себептері / шешімдері:

- Құрылғы розеткаға толығымен қосылмаған немесе түйіспейді.
- Үйде ток жоқ.
- Кір жуғыш машина есігі дұрыс жабылмаған.
- ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі басылмаған.
- ҚОСУ/ПАУЗА түймесі басылмаған.
- Су шүмегі ашылмаған.
- Кешіктіріп бастау орнатылған.
- Судың кіріс түтігі шүмекке қосылмаған.
- Түтік майыстырылған.
- Су шүмегі ашылмаған.
- Үйде су жоқ.
- Қысым тым төмен.
- ҚОСУ/ПАУЗА түймесі басылмаған.
- Ағызу түтігі еденнен 65-100 см биіктікте орналастырылмаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Түтіктің бос шеті су астында («Орнату» тарауын қараңыз).
- Қабырғадағы канализация жүйесі сапун құбырымен жабдықталмаған. Осы тексерулерден кейін де проблема шешілмесе, су шүмегін жауып, құрылғыны өшіріңіз де, Көмек беру қызметіне хабарласыңыз. Егер ғимараттың жоғарғы қабаттарының бірінде тұратын болсаңыз, суды ағызуда байланысты проблемалар болуы мүмкін, оның нәтижесінде кір жуғыш машина сумен толып, оны ағызып тұра беруі мүмкін. Дүкендерде арнайы ағызуда қарсы клапандар бар, олар бұл проблеманы шешуге көмектеседі.
- Жуу циклында ағызуды жоқ; кейбір жуу циклдары ағызуды кезеңінің қолмен басталуын қажет етеді.
- Ағызу түтігі майысқан («Орнату» тарауын қараңыз).
- Ағызу түтігі бітелген.
- Орнату кезінде барабанның бұғаты дұрыс алынбаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Кір жуғыш машина тұзу емес («Орнату» тарауын қараңыз).
- Кір жуғыш машина шкафтар мен қабырғалар арасына қойылған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Судың кіріс түтігі дұрыс бұралып мықталмаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Жуғыш зат тартпасы бітелген (оны тазалау туралы нұсқауларды «Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету» тарауынан қараңыз).
- Ағызу түтігі дұрыс бекітілмеген («Орнату» тарауын қараңыз).
- Құрылғыны өшіріп, оны токтан ағытыңыз, одан кейін шамамен 1 минут күтіңіз де, оны қайтадан қосыңыз. Проблема шешілмесе, Техникалық көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз.
- Жуғыш зат кір жуғыш машинаға қолайлы емес (онда «кір жуғыш машиналарға арналған», «қолмен жууға және кір жуғыш машинаға арналған» немесе осыған ұқсас жазу болуы керек).
- Тым көп жуғыш зат қолданылған.
- Құрылғы розеткаға қосылмаған немесе түйісу үшін жеткілікті емес.
- Ток өшкен.
- Құрылғы есігі дұрыс жабылмаған.
- Барлық кептіру индикатор шамдары сөніп тұр.

Сервистік қызмет көрсету

195134944.00

05/2015 - Xerox Fabriano

KZ

Авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгінбес бұрын:

- Ақауды өз бетіңізбен жоя алмайтындығыңызға көз жеткізіңіз («Ақауларды іздеу және оларды жою тәсілдері» қара.);
- Машинаның дұрыс жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізу үшін программаны қайтара қосыңыз;
- Керісінше жағдайда, кепілдік құжатында көрсетілген телефон арқылы Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

! Авторландырылмаған қызмет көрсету орталықтарына ешқашан жүгінбеңіз.

Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласу кезінде мынаны хабарлаңыз:

- ақаудың түрі;
- бұйымның моделі (Мод.);
- техникалық құжаттың номері (сериялық №).

Сериялық номері мен моделі кір жуғыш машинаның артқы панелінде және люк алдында орналасқан ақпараттық табличкада көрсетіледі.

Indesit Company Spa
Viale Aristide Merloni, 47
60044 Fabriano (AN)
Italy
www.indesit.com